

салмағы) және мотордың төрттен бір бөлігі алюминий қоспаларынан істеледі. Вагон жасау, машина құрылыстары, электр өндірістері және басқа толып жатқан шаруашылық салаларында алюминий және оның қоспалары маңызды орын алады. Бояу өндірісінде, үй жабдықтарын даярлауға, прожектордың айнасы ретінде қолданылатын алюминийді басқа металмен алмастыру қиынға соққан болар еді. Бұл күндері ғалымдар алюминийдің тағы басқа да қосындыларын алу мәселесімен шұғылдануда. Бұған мысал ретінде «Салют-6» космос станциясында В.Коваленок пен А.Иванченковтың жасаған тәжірибелерін айтуға болады.




Рис. 54. Диаграмма состояния сплава алюминий—медь.

Магний қорытпаларын газбен пісіру

Магний қорытпаларын (МА1, МА2, МА8, МЛ2, МЛ5 және МЛ7) газбен пісіргенде сапалы тігістер алуға болады. Магний қорытпаларын пісіру кезінде тотық қабыршақтарын үнемі майдалап және пісіру ваннасын оттегі, азот және су буларынан мұқият қорғап отыру керек. Ол үшін неше түрлі флюстер қолдануға тура келеді. Көбінесе хлорлы және фторлы тұздар қолданылады. Бұл флюстердің міндеті пісіру ваннасын да түзілген тотық қабыршағын шлакқа айналдыру болып табылады. Хлорлы тұздар негізінде жасалған флюстер онша жауапты емес не месе пісіру аяқталған соң қайта өң делетін бұйымдарды пісіру үшін қол данылады. Фторлы тұздар негізінде жасалған флюстер коррозияға төзімділікті артты рады,